

**№1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Катысқаны: 12адам**

**Катыспаганы: жок**

27.08.2022.ж

**Күн тәртібіндегі мәселелер.**

**Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».**

1. Жаңа оку жылшының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау.
2. Оку қызметінің кестесін бекіту.
3. Кадрларды тоptар бойынша болу.
4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама білім берудің жаңа мазмұны »
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-; бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту.
6. Түрлі сұрақтар

**ТЫНДАЛДЫ:**

Балабақша менгерушісі Nietova.K.Ә педагогтарды жана оку жылшының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйимшының басшысы (төрайымы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023 оку жылшында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Тлепова.Г.Б сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** әдіскер Тлепова.Г.Б 2022-2023 оку жылшында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын -сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уакытында жинактап отыргандығын айттып өтті

**ТЫНДАЛДЫ:**

**Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе** бойынша балабақша менгерушісі Nietova.K.Ә жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2022-2023 оку жылшының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

2022-2023 оку жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік күндылықтарын танып, біліп, менгеру үетијесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дуниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін — өзі тануы арқылы коршаган ортага деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын ныгайту, толықканды дene бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты күндылықтарға баулу.

Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулак ұстауга үйрету.

- Күнделікті бірлесе атқаратын іс - кимылдар барысында балалардың бойында коршаган орта күбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс багыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып отті. Балабақша педагогтарға өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ жылдық жоспарда оку жылына 4 педагогикалық кеңес, 3 әдістемелік кеңес, 3 рет балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оку-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр жоспарланды. Оку жылы барысында тақырыптық оку қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс болімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2022-2023 оку жылының жылдық жоспарын балабақша менгерушісі, әдіскері бірігіп отырып күрді. Сондыктan осы айтылғандарды құттаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жок десеніздер бекітейік.

## 1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Тлепова Г.Бжылдық жоспарда барлық педагогтың жоспарды жүзеге асыру рөлі, үйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар накты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

## 2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Ниетова.К.Ә онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауыска салайық деп ұсыныс жасады. 2022-2023 оку жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

## ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Тлепова.Г.Б 2022-2023 оку жылына Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп,

оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін

міндетті түрде орындауды қарастырады. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады.

Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр алтаға (3-қосымша) құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, үйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі - ҰОҚ), серуенді өткізуді, құндізгі үйқыны үйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді деді.

Әдіскер топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын бекітті.

**ТЫНДАЛДЫ:** Балабақша менгерушісі Nietova.K.Ә педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият, әрі талапка сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айттып кетті.

**ТЫНДАЛДЫ:** Әдіскер Тлепова.Г.Б

кадр мүшелеріне «Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстырды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айттылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар манызды болмак: Педагог шебер сұрақ коюшы болуы қажет, себебі? Үкітімал себептері Окудағы олқылықтарды анықтау үшін; Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін; Келесі сұраптарға тұрткі болу үшін; Тақырынты қайта карау үшін; Қызығушылықты немесе білуге күмарлықты ояту үшін; Құрделендіру үшін; Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін; Түсінуге көмектесу үшін; Бағамдау үшін. Білім берудің жаңарту жолдары біліктілікті арттыру

бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алушының жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауга үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және окуды бағалау.
4. Білім беруде акпараттық

пайдалану.

коммуникациялық технологияларды

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап өтті, және слайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып козгалды.

**5.ТЫНДАЛДЫ: Nietova.K.Ә**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тaraу, 59- бабының 4-тармагына сәйкес өзіндік атtestatтау өткізіletіндігін айттып өтті.. Сол себепті өзіндік атtestatтау өткізу үшін атtestatтау комиссиясының құрамын сайлауға шакырды. Атtestatтау комиссиясының құрамына атtestatтау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары,

аттестаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі. Енді осы сұрап бойынша пікірлерізді ортага салсаңыздар.

Шешім: Талапқа сай жұмыс жасалынсын

Жиналыс төрайымы:

Ниетова.К.Ә

Жиналыс хатшысы:

Глепова.Г.Б



## №2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Катысқаны: 12 адам

Катыспағаны: жоқ

Күн тәртібіндегі мәселелер.

10.11.2022 ж

Такырыбы: «Бала деңсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз» Дөңгелек үстел

Күн тәртібі.

1. Педагогтар кеңесі тақырыбына кіріспе сөз.
2. Тақырыптық шолудың корытындысы туралы.
3. ЗАТТЫҚ – КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР-өдіскер Салықбаева.Э.А.

Өдіскер Салықбаева Э.А №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің нәтижелерімен танысты., шешімнің барлық тармақтары орындалды.

1. Тындалды:

Балабакша менгерушісі Nietova.K.Ә мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының максаттарын, міндеттерін және негізгі принциптерін тағы бір рет еске түсірді. Ол жаңа құжатта мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік күндылығы сақталатын және мектеп жасына дейінгі баланың табигаты сақталған балаға және ойынга жеке көзқарас бірінші орынға қойылғанын атап өтті.

Балалар іс-әрекетінің жетекші түрлері: ойын, карым-қатынас, қимыл- козгалыс, танымдық зерттеу, онімді және т.б болады. Балалармен жұмыстың белгілі бір формалары бала әрекетінің әрбір түріне сәйкес келетінін атап өткен жөн. Әзірленген стандарт білім берудің оку-тәртіптік моделін мектеп жасына дейінгі баланың өміріне көшіруге мүмкіндік бермейді.

Мектеп жасына дейінгі бала бұл ойнайтын адам, сондықтан стандартта оқыту баланың өміріне балалар ойынының қақпасы арқылы енетінін қарастырады.

Педагогикалық ұжым кәсіби шеберліктің үлгісі болуы керек, нәтижелі жұмыс істеу үшін колайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға атсалысыу керек екенін атап өтті.

2. Тындалды:

өмірге әзірленеді. Баланың бірінші әрекеті ойын. Ол ешқашанда жалғыз ойнамайды. Ойын барысында өзара карым-қатынас жасайды деді.

**Үшінші мәселе бойынша** ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті.

Торайғыров «Ойын балалықтың қанына азық» деп бекер айтпаған. Ойын баланың бір қызығушылығы, мүмкіншілігі, бейімділігі анық байқалады. Өздіктерінен түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді, суреттейді, заттарды топтастырады. үстінде

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді менгерту;

затка деген үйренген сөздерін тиянақтап, аныктап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін үстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қаруа, сурет қаруа, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабактарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Ұжымдық ойында жолдастықты, ауызбіршілікті, кұрбы-күрдасын сыйлауды түсінеді.

Тәрбиешілердің ойын картотекасынан, жинақтарынан жасалған көрмесі тамашаланды.

**Төртінші мәселе бойынша** әдіскер жылдық қорытындыны диаграммамен көрсетіп, жыл бойына атқарылған оқу іс-әрекетіне талдау жасады.

Шешімі:

1. «Ойынның баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы орны»

такырыбындағы дайындаған материалдары қанагаттанарлық деп табылсын.

2. Педкенес шешімдерінің орындалуын қадағалауды өзімнің жауапкершілігіме жүктелсін.

3. Балабақшаның жылдық есебі жақсы деп бағаланып, қабылдансын.

**Жиналыс төрайымы:**  Ниссова.К.Ә

**Жиналыс хатындысы:**  Салықбаева.Э.А

Педагогикалық кеңес отырғысы

Хаттама №3

Күні: 13 наурыз 2023 жыл Қатысқан: 10

Қатыспаганы:-

Такырыбы: Жарты жылдық жұмыс ін корытындысы

Жүргізу түрі: Есеп берулер. Әдістемелік кеңес төрайымы: Тлепова Г.Б

Хатшы: Бозанова А.

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерін ін орындалуы. Әдіскер-Тлепова Г.Б
2. 1-жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитакалық есеп беру. 3.  
1- жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау. Ортаңғы диагностика.  
Әдіскер: Тлепова Г.Б
4. 1-жарты жылдықта ауырғын бала ардың көрсеткіші. Медбике: Абдуллина К.
5. Жарты жылдық жұмыстың корытындысы
6. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер-Тlepova G.B

1. Тындалды: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

2. Тындалды: 1-жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитакалық есеп беру. Сойледі: Тлепова Г.Б инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер үйнедастырылған оқу қызыметтерінде, мерекелік шараларда жана технология элементтерін тиімді қолданып жүр. Педагогтар әлі де толықтырып, жандандыру қажет. Білтәрбиеленушілердің тапсырманы толық менгеруіне комектеседі.-деді. 1 шешім: Әткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылды.

3. Тындалды: 1- жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау. Ортаңғы диагностика. Әдіскер: Тлепова Г.Б  
Сойледі: Әдіскер Тлепова Г.Б Балдардың танымдық белсенділігін, қызынушылығын дамыту жобасын және эксперименттеу әдісін іске асыру арқылы экологиялық білімді кеңейту

1. Мектеп жасына дейін і бала: ардың шығармашылық қабілеттерін театрландырылған іс-әрекет және драматургия арқылы дамыту.  
Мемлекеттік стандартқа сәйкес мектептегі дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басынышында ала отырып, бес дағды бойынша жылдық жоспар құрылды.

Білім беру дағдылары: «Физикалық дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Таным және зерттеу дағдыларды дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру», «Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту»,

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» білім беру дағдысы бойынша жалпы балабакша I деңгей-62 бала, II деңгей-57 бала, III деңгей-31 бала бойынша көрсеткіш

Педагогикалық кенес №4

31 наурыз 2023жыл

Педагогикалық кенес тақырыбы: «Үйымдастырылған іс-әрекеті барысында балалардың танымдық кабілеттерін арттыру жолдары»  
тақырыптық пед кенес

Жүргізу түрі:

Күн тәртібінде:

1. №3 әдістемелік кенес шешімдерінің орындалуы. Әдіскер –Салықбаева Э.А
2. Оқу іс-әрекеті барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың артыкшылықтары Әдіскер Салықбаева Э.А

3.

«Су-Джок» терапиясы тәрбиеші-Бозанова А.Е

3. 4. Іскерлік ойын Әдіскер-Салықбаева Э.А

5.

Ағымдағы мәселелер. әдіскер-Салықбаева Э.А

1. Тындалды: №3 әдістемелік кенес шешімдерінің орындалуы.

Сейлемді: Әдіскер Э.А Салықбаева мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бакылауға алынып, балалардың сөздік корын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатканы анысталды.

Шешім: Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанагаттанаралық деп танылсын.

Тындалды : Оқу іс-әрекеті барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың артыкшылықтары Әдіскер Салықбаева Э.А

Сейлемді: Әдіскер-Салықбаева Э.А. қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алушадамыз. Білім беру жүйесінің мақсаты - басекеге кабілетті маман даңындау. Білім берудің мазмұны жаңаарып, жаңаша көзкарас, басқаша карым қатынас пайда болды. Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани бауына көніл болынуде. Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгеріп, жаңа формация мұғалімі болу- заман талабы. Жаңа формация педагогы деп кімді атайды?

1. Педагог үздікіз ізденуші

2.

Педагог дамуышы шыгармашыл тұлға

3.

Педагог өз ісінің шебері

4.

Педагог әділ, енбеккор тәрбнеші

5.

Маман-педагог

Бұғынғі таңда жаңа формация педагогіне қойылатын талап та жоғарылады. Өзгермелі когамдағы жаңа формация педагогы – педагогикалық құралдардың барлығын менгерген, тұракты озін-озі жетілдіруге талыныған, рухани дамыған, толысқан шыгармашыл тұлға құзыреті. Құзіреттілік латын тілінен аударғанда «компетенс» яғни, өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты менгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен каруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек тағдайтын болсақ, онда «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шенберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының ғынытығы, ал «құзырлық» – адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды менгеруі. Құзырлық белгілі сала бойынша жан-жакты хабардар, білігір деген мағынаны камти отырғыш, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шыгара алады дегенді білдіреді. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Педагогтың кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жактылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны менгеруімен олшленеді- деді.

Шешім: педагогтардың үздікіз іздеіп, өздерін жан-жакты дамытуына әдістемелік комек көрсету.

әдіскер Салықбаева. Э.А мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізгі міндеті балаларда эмоционалдық жайлылық ~~пен~~ психологиялық қауіпсіздік сезімін қалыптастыру екендігіне назар аударды. Балабакшада баланың өзін жақсы көретінін және бірегейлігін сезінуі маңызды. Сондықтан оқу-тәрбие процесі ететін ортаның да маңызы зор. Білім беру жүйесі өмірлік маңызды функцияны орындаиды, атап айтқанда, окушылардың әлеуметтік тәжірибе әлеміне енүіне көмектесу және қолдау функциясы. Оқыту мен тәрбиелеудегі қажетті жағдайлардың бірі мектепке дейінгі білім беру мекемесінде дамушы кеңістік күру болып табылады. Топтық бөлмеде, мамандар кабинеттерінде, киім ауыстыратын бөлмелерде объектілік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыра отырып, тәрбиешілер әрір баланың жеке басының негізгі сипаттамаларын қалыптастыруға ықпал ететін барлық нәрсени ескеруі керек: мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму зандаудықтары, олардың денсаулығының көрсеткіштері, жалпы және сойлеу даму деңгейі, сонымен катар эмоционалдық- қажеттілік саласы. Менгеруші объектілік-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастырудың тиімділігін анықтау мақсатында «Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес объектілік-кеңістіктік даму ортасы » тақырыптық бақылаудың корытындысын жариялады. Бақылау барысында мемлекеттік білім стандартына сәйкес талдау жасап мыналарды анықтады:

барлық дерлік топтар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай безендірілген және жабдықталған, СанПин талаптарына сәйкес, балалардың өмірі мен денсаулығын корғау;

- Барлық топ болмелерінде аймактар анық белгіленген. Барлық жас топтарында субъектілік-кеңістіктік дамушы ортаны жасау кезінде түрлендіру, өзгермелілік, колжетімділік және қауіпсіздік принциптері сақталады. Бұл балалардың эмоционалдық әл-ауқатын, өзін-өзі көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, балалардың ойын, танымдық, зерттеушілік, шығармашылық, дene белсенділігін ынталандырады, эксперимент жүргізу мүмкіндігі;

барлық ойын жабдықтары санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, гигиеналық, педагогикалық және эстетикалық талаптарға сәйкес болуы;

мектепке дейінгі білім беру мекемесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету іске асырылып жатқан бағдарламаларға сәйкес келеді. Және келесі ұсыныстар беріледі:

1. Кеңістікті (тәрбиешілерде де, балалар да) өз бетінше өзгертуге мүмкіндік беретін мектепке дейінгі білім беру мекемесінің және топтарының пәндік ортасын икемді және серпінді ұйымдастыру.
2. Ойын, кітап бұрыштарын толықтыру.
3. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес топтардың пәндік- кеңістіктік даму ортасын жабдықтауды жалғастыру керектігі айтылды.
3. Дамытуши орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді.

Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытуши орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес

кеңістікті үйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жараптарды пайдалану деді.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортага қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;

- әртүрлі;

- мазмұнды;

- көп атқарымды;

- өзгермелі;

- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортага қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

тәнімдүк ойыншықтар, карапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін козгалмалы ойыншықтар, құмылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсак моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиги материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуга арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, кол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынга арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, тәнімдүк қызығушылығын жетілдіруге арналған табиги материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында:

дамытушы модульдер, құрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, галамшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрациялар, басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар. Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы органды қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын

материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауга ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқау, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдаудың қолданылатын болады деп айтты.

**Қаулы:**

1. Мемлекеттік білім стандартын енгізуге қолдау көрсете отырып, бекітілген кестеге сәйкес жұмысты жалғастыру.
2. Тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес үйымдастыру бойынша және жабдықтау тәрбиешілердің жұмысын қанағаттанарлық деп танылсын және қайта жабдықтау бойынша жұмысты жалғастырсын.
- 3.Импровизациялауга ыңғайлы материалдармен жабдықталсын.

**Жиналыс төрайымы:**



Ниетова.К.Ә

**Жиналыс хатшысы:**



Салықбаева.Э.А

## **Педагогикалық кеңестің хаттамасы №5**

25.05.2023 ж

Қатыспағаны: жок

### **Күн тәртібіндегі мәселелер.**

**П.Тақырыбы: «Ойынның баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы орны, жылдық есеп»**

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші Ниетова.К.Ә
2. Ойын бала үшін нағыз өмір талқылау сұраптары. -балалардың сөздік ойындарды менгерудегі тәрбиешілердің рөлі.
3. I.C.Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» тақырыбы аясында дискуссия. Ойындар атрибутинаң, буклетінен,жинақтарынаң көрме.
- 4..Жылдық есеп (әдіскер, , тәрбиешілер) Оку жылдың корытынды мониторингіне талдау жасау.

**Тындалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** откен педкеңесте қаралған «Тәрбиеленушінің өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуін ұйымдастыру» мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сөздік ойындар топтамасының жасалғанымен балалармен оку-тәрбие жұмысында колданудың жеткіліксіздігін атап өтті. Тәрбиеші Бозанова.А.Е ойынды ұйымдастыру барысында шалағайлышқа орын бермеуді ескертті.

**Екінші мәселе бойынша** педагогтар арасында ойын туралы дискуссия өтті. Өздерінің тәжірибесі барысындағы есте қаларлық қызықтары мен ойын барысында туындаған киындықтары туралы айтып өтті.Ойын бала үшін нағыз өмір, шындық. Себебі ойында жеңілген бала өмірден жеңілгендей сезімде болады бұл әсіресе ересек топ балалары арасында көрініс табады. балаларды жеңіске де жеңіліске де дайындау керек.Жеңілістің дәмін татпаган, жеңістің дәмін білмейді. Ақылмен ұйымдастырылған ойын балаларға он ықпалын жасайды. А С.Макаренко ойындары тәрбиешінің рөлін былай көрсетеді.мен педагог ретінде аздалап ойнасам пайдалы бірақ жақындығы жоқ күш боламын.Сол үшін баламен ойнауды әріптестерімнен талап етемін- дейді. Ойын арқылы баланың дене сымбатын қалыптасады, өзіне деген сенімі артады. Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы